

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

2

MARCH – APRIL 2021

ALMATY, NAS RK

NAS RK is pleased to announce that Bulletin of NAS RK scientific journal has been accepted for indexing in the Emerging Sources Citation Index, a new edition of Web of Science. Content in this index is under consideration by Clarivate Analytics to be accepted in the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index, and the Arts & Humanities Citation Index. The quality and depth of content Web of Science offers to researchers, authors, publishers, and institutions sets it apart from other research databases. The inclusion of Bulletin of NAS RK in the Emerging Sources Citation Index demonstrates our dedication to providing the most relevant and influential multidiscipline content to our community.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы "ҚР ҰҒА Хабаршысы" ғылыми журналының Web of Science-тің жаңаланған нұсқасы Emerging Sources Citation Index-те индекстелуге қабылданғанын хабарлайды. Бұл индекстелу барысында Clarivate Analytics компаниясы журналды одан әрі the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index және the Arts & Humanities Citation Index-ке қабылдау мәселесін қарастыруда. Web of Science зерттеушілер, авторлар, баспашылар мен мекемелерге контент тереңдігі мен сапасын ұсынады. ҚР ҰҒА Хабаршысының Emerging Sources Citation Index-ке енуі біздің қоғамдастық үшін ең өзекті және беделді мультидисциплинарлы контентке адалдығымызды білдіреді.

НАН РК сообщает, что научный журнал «Вестник НАН РК» был принят для индексирования в Emerging Sources Citation Index, обновленной версии Web of Science. Содержание в этом индексировании находится в стадии рассмотрения компанией Clarivate Analytics для дальнейшего принятия журнала в the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index и the Arts & Humanities Citation Index. Web of Science предлагает качество и глубину контента для исследователей, авторов, издателей и учреждений. Включение Вестника НАН РК в Emerging Sources Citation Index демонстрирует нашу приверженность к наиболее актуальному и влиятельному мультидисциплинарному контенту для нашего сообщества.

Б а с р е д а к т о р

х.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі

М.Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

Абиев Р.Ш. проф. (Ресей)
Абылкасымова А.Е. проф., академик (Қазақстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Аппель Юрген проф. (Германия)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Велесько С. проф. (Германия)
Кабульдинов З.Е. проф. (Қазақстан)
Қалимолдаев М.Н. проф., академик (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Қамзабекұлы Д. проф., академик (Қазақстан)
Қойгелдиев М.К. проф., академик (Қазақстан)
Лупашку Ф. проф., корр.-мүшесі (Молдова)
Новак Изабелла проф. (Германия)
Полещук О.Х. проф. (Ресей)
Поняев А.И. проф. (Ресей)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Таймагамбетов Ж.К. проф., академик (Қазақстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Шәукенова З.К. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Юлдашбаев Ю.А. проф., РҒА академигі (Ресей)
Якубова М.М. проф., академик (Тәжікстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.).

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде
12.02.2018 ж. берілген № 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *іргелі ғылымдар саласындағы жаңа жетістіктер нәтижелерін жария ету.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл.,
тел.: 272-13-19, 272-13-18

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2021

Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Главный редактор
д.х.н., проф. академик НАН РК
М.Ж. Журинов

Редакционная коллегия:

Абиев Р.Ш. проф. (Россия)
Абылкасымова А.Е. проф., академик (Казахстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Аппель Юрген проф. (Германия)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Велесько С. проф. (Германия)
Кабульдинов З.Е. проф. (Казахстан)
Калимолдаев М.Н. академик (Казахстан), зам. гл. ред.
Камзабекулы Д. проф., академик (Казахстан)
Койгельдиев М.К. проф., академик (Казахстан)
Лупашку Ф. проф., чл.-корр. (Молдова)
Новак Изабелла проф. (Германия)
Полещук О.Х. проф. (Россия)
Поняев А.И. проф. (Россия)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Таймагамбетов Ж.К. проф., академик (Казахстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Шаукенова З.К. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Юлдашбаев Ю.А. проф., академик РАН (Россия)
Якубова М.М. проф., академик (Таджикистан)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № 16895-Ж, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *публикация результатов новых достижений в области фундаментальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19, 272-13-18

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2021

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

M.Zh. Zhurinov

E d i t o r i a l b o a r d:

Abiyev R.Sh. prof. (Russia)
Abylkasymova A.E. prof., academician (Kazakhstan)
Avramov K.V. prof. (Ukraine)
Appel Jurgen, prof. (Germany)
Banas Joseph, prof. (Poland)
Velesco S., prof. (Germany)
Kabuldinov Z.E. prof. (Kazakhstan)
Kalimoldayev M.N. prof., academician (Kazakhstan), deputy editor in chief
Kamzabekuly D. prof., academician (Kazakhstan)
Koigeldiev M.K. prof., academician (Kazakhstan)
Lupashku F. prof., corr. member (Moldova)
Nowak Isabella, prof. (Germany)
Poleshchuk O.Kh. prof. (Russia)
Ponyaev A.I. prof. (Russia)
Sagiyan A.S. prof., academician (Armenia)
Taimagambetov Zh.K. prof., academician (Kazakhstan)
Khripunov G.S. prof. (Ukraine)
Shaukenova Z.K. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Yuldashbayev Y.A., prof., academician of RAS (Russia)
Yakubova M.M. prof., academician (Tadjikistan)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty).

The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan No. **16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *publication of the results of new achievements in the field of basic sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2021

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty.

С. Н. Абиева¹, М. А. Қанабекова²

¹Әль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;

² Абай атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: abievas@mail.ru, kma.2372@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Аннотация. Нарықтық экономикалық жағдайда кез-келген компания мен ұйымдар бәсекеге қабілетті болу үшін негізгі құралдарын үнемі жаңартып отыру қажет. Негізгі құралдарды қайта өңдеу процесі компанияның меншікті және қарыз капиталы қаражаттары есебінен қаржыландырылуы мүмкін елеулі күрделі салымдарды талап етеді.

Мақалада көптеген елдер үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылатын Қазақстандағы негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі, динамикасы бағаланады, негізгі құралдарды өндіруге салынған инвестициялар көздерінің құрылымы және салалар бойынша негізгі капиталға салынған инвестицияларға талдау жасалады.

Қазақстандық компаниялардың инвестициялық қызметін әртараптандыру бағыттары анықталады. ЖІӨ-дегі негізгі капиталға салынған инвестицияның үлесі салыстырмалы түрде беріледі. Инвестициялық ресурстардың ел ішінде өз деңгейінде болмауы, экономиканың жекелеген салаларында шектелуі болуы кезінде инвестициялық жетіспеушіліктерді шетелдік инвестициялар арқылы реттеп, толықтырып отырады. Осыған байланысты инвестициялық белсенділіктің өсуі ЖІӨ-нің өсуіне әкеледі. Мақалада осы аталған сұрақтар мен ЖІӨ-нің өсу динамикасы сурет түрінде қарастырылады.

Ғылыми мақала тақырыбының өзектілігі қазіргі әлемде көптеген елдерде мемлекеттік дағдарысқа қарсы жоспарды іске асырудың негізгі бағыттарының бірі салалар бойынша негізгі капиталға инвестициялаудың инновациялық көздерін іздеу проблемаларын және олардың тиімділігін бағалау мәселесі болып отыр. Осыған байланысты мақалада компанияның инвестициялық стратегиясын әзірлеу қажеттілігі, сонымен қатар олардың сыртқы және ішкі орта жағдайларының өзгеруімен анықталатындығы қарастырылады.

Мақалада авторлар Қазақстанда инвестицияны негізгі капиталға салудың басты мақсаты мен факторларын атап өтеді. Өйткені, болашақта пайда табуды арттыру және бизнесті одан әрі жетілдіру үшін нарықта мықты бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатымен инвестициялар салу қажетті болып табылады.

Түйін сөздер: инвестициялар, инвестициялық қызмет, бәсекелестік, негізгі капиталға инвестициялар, нарықтық экономика, бағалы қағаздар.

Кіріспе. Негізгі капиталға салынған инвестицияларды күрделі салымдар ретінде түсінуге болады. Ал, жаңадан бастаған инвесторлар компанияның акцияларын сатып ала отырып, өндіріс құралдарына ақша салады деп санайды. Осы ретте егерде компания банкроттық жағдайға ұшыраған кезде, акция мүлікке иелік ету құқығын береді, яғни бұл іс жүзінде инвестициялардың әртүрлі бағыттары. Жалпы, негізгі капиталға инвестициялар ұғымы бизнесті дамыту және ұйымның кірісін арттыру мақсатында компанияның жабдықтарын, ғимараттарын, көлігін жаңғыртуға ақшалай қаражат салу [1]. Кәсіпорынның табыстылығы бүгінгі таңда қаржы ресурстарының қаншалықты сауатты бөлінуіне байланысты. Сондықтан инвестицияны кез-келген компанияның өміріндегі маңызды сәттердің бірі ретінде анықтауға болады. Бәрімізге белгілі, кез-келген кәсіпорын жұмысының тиімділігі оның негізгі капиталының жағдайымен байланысты, ол ұйымның өндірістік мүмкіндіктерін, оның даму жылдамдығы мен ауқымын анықтайды [2]. Негізгі капиталдың көлемі мен сапасы ұйымның бәсекеге қабілеттілігіне, оның нарықтағы орнына, сондай-ақ ұйымның жұмыс істеуінің қаржылық нәтижелеріне тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, ұйымның барлық мүлкінің ақшалай эквивалентіндегі құны оның негізгі капиталы болып табылады.

Әдістері. Инвестиция тиімділігі бойынша, инвесторлар компанияның негізгі капиталына қаражат салу арқылы ұйымның жұмысын алдын-ала бағалайды. Демек ұйымның сәттілік деңгейі оның негізгі қорларына инвестициялардың тиімділігін анықтайды. Сондықтан, ақша салмас бұрын, инвестициядан қайтарым дәрежесін есептеп алған дұрыс болар еді.

Қазіргі бәсекелестік жағдайында өз еркімен жұмыс істейтін компаниялар өздерінің нарықтағы сегменттерін кеңейтуге, қосымша пайда табуға мүдделі. Олардың әрқайсысы нарықтық механизмнің күрделі өзара әрекеттесуінде нақты бағдарлануға, өндірістік даму перспективаларын, қаржылық тұрақтылықты дұрыс бағалауға тырысады. Осыған байланысты, компанияның болашақта пайдаға кенеліп, өнімдерінің саны мен сапасын арттыру үшін инвестициялық қызмет маңызды рөл атқарады. Әсіресе бүгінгі әлемдік проблема пандемияға байланысты дағдарыс кезеңінде шиеленіскен өндірістің құлдырауын тоқтата тұру, инвестициялық қызметті жетілдіру, оның тиімділігін арттыру проблемасын шешпеу мүмкін емес [3].

Сонымен қатар, Қазақстанда компаниялардың басым бөлігі инвестициялық қызметті жүзеге асыру барысында негізгі жауапкершілік басшылыққа қатысты болады және олардың тиімділігін атқаратын дайындықтың жоқтығы, демек бағалау жүргізілмейді және талдаусыз инвестициялық шешімдер қабылдайтындығымен айқындалады. Нарықтық экономика қаржы нарығының ең жоғарғы мүмкіндіктерін пайдалануды көрсетеді. Бағалы қағаздар нарығын нарықтық экономикадағы көптеген жағдайлы процестерді реттеуші құралы ретінде қарастыруға болады. Бұл, біріншіден, капиталды инвестициялау процесіне қатысты болып табылады. Бағалы қағаздар нарығы капиталдың нақты нысандарын несие ұсынушылар мен қарыз алушыларға тиімді бағамен нақтыланған жүйелі жобаларды жүзеге асыру барысында қажетті қаражатты қалыптастыруға және сатуға мүмкіндік береді.

Нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыру барысында кез келген компания технологияларды жаңғырту, экономикалық тиімділіктің деңгейін жетілдіру және маңызы бар пайдалы жобаларды қаржыландыруды арттырумен қызмет етеді. Сонымен қатар, компанияны болашақта дамыту мақсатымен, пайданы арттыру үшін ұзақ мерзімді міндет жасалады.

Компания өндірісін жүргізу кезінде түрлі ресурстарды жұмсайды, нәтижесінде нарықта жаңа өнім пайда болады. Нарықта тұтынылатын ресурстар атқаратын қызметіне қарай әртүрлі болуы мүмкін (ақша және активтер: материалдық, нематериалдық емес) [4,5]. Аталған факторлар негізгі капиталмен қамтамасыз етіледі. Сондықтан осы салаға компанияны ұстап тұру үшін және нарықта мықты бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатымен инвестициялар салу қажетті болып табылады [5].

Кез келген елде экономикалық қайта құруларды жүзеге асырудың аса маңызды алғышарты өндірісті, әлеуметтік саланы, кадрлық әлеуетті дамыту мен жетілдіруге салымдарды қамтамасыз етуге қабілетті инвестициялар болып табылады. Бұл фактор сапалы және құрылымдық жағынан жаңа экономика құрылған кезде нарықтық қатынастарға өтпелі кезең үшін өте маңызды.

Осыған байланысты қойылған мақсатты, өтпелі кезең стратегиясын жоғарғы деңгейде орындау туралы бағдарламалар мен іс-шараларды атқару үшін едәуір ақша қаражаттарын, өндірістердегі ескірген техникаларды жанартуға, жаңа технологияларды енгізуге, нарықтық инфрақұрылымды қалыптастыруға пайдаланудың қажеттігі туындайды.

Қазіргі кезде Қазақстан экономикасын дамытудың басым бағыттарының бірі шетелдік инвестицияларды тарту болып табылады. Көптеген елдердің әлемдік тәжірибесі көрсетіп отырғандай, шетелдік капиталдың құйылуы және оны пайдалануды мемлекеттік реттеу экономикаға оң әсерін тигізеді. Инвестициялар экономикалық даму деңгейі орташа және төмен елдерде жеке кәсіпкерліктің қалыптасуына және өз қаржылық жағдайының тұрақтануына әсер етеді, күрделі жобаларды іске асыруда капиталды жұмылдырады [6]. Негізгі капиталға салынған инвестициялар өсу үрдісін сақтап келеді, 2019 жылы олардың көлемі 12,7%-ға артып, 12546,0 млрд теңгеге жетті. Бұл ретте кәсіпорындар қаржылық орнықтылықты күшейтті, бұл жобаларды қаржыландыруға мемлекеттің қатысу үлесін азайтуға мүмкіндік берді [7].

Әлемдік экономиканың жаһандануы жағдайында Қазақстан экономикасында инвестициялар маңызды рөл атқарады, өйткені олар экономика салаларын тиімді дамытуды, базалық инфрақұрылымның тұрақты жұмыс істеуін, сондай-ақ елдің тұрақты экономикалық өсуіне қол жеткізуді қамтамасыз етудің қажетті шарты болып табылады. Қазақстанда соңғы жылдары инвестициялық

саясат негізгі капиталға салынған инвестициялардың орташа жылдық өсімін 14% деңгейінде қамтамасыз етті. Соңғы жылдары негізгі капиталды қаржыландырудың қарқынды өсуі байқалады: 2014 жылы күрделі қаржы көлемі тек 7 трлн теңгені құрағандығын атап айтуға болады.

Кәсіпорындар кірістерінің өсуі және жинақтардың инвестицияларға трансформациясы Қазақстанның инвестициялық әлеуетінің артуына және экономикалық өсудің жеделдеуіне алып келеді. Яғни, кәсіпорындар кірістілігінің артуы капитал жинақтаудың жоғары қарқынын қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде еңбек өнімділігінің өсуіне әсер етеді және нәтижесінде ЖІӨ өсу қарқынының жеделдеуіне әкеледі.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың басты міндеттерінің бірі негізгі қорларды (ғимараттар, құрылыстар, жабдықтар, көлік құралдары, компьютерлік және бағдарламалық қамтамасыз ету, ғылымды қажетсінетін өнеркәсіптік технологиялар және т.б.) жаңарту болып табылады. Әдетте, жаңартулар әр 7-8 жыл сайын қажет болады, әйтпесе ескірген қорлар бәсекеге қабілеттілігін жоғалтып кәсіпорындардың экономикалық өсуін баяулатады [8].

Экономиканың неғұрлым инвестициялық тартымды секторы тау-кен өндіру саласы бойынша инвестициялар көлемі 2019 жылы 5600,4 млрд теңгеге жетіп, 2018 жылмен салыстырғанда 24,5%-ға өскен. Сонымен қатар, 2019 жылы инвестициялар көлемі бойынша тартымды салалардың ТОП-5-не кіретіндер: жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар 1637,9 млрд теңге, көлік пен қойма жұмыстары бойынша 1637,9 млрд теңге, өңдеу өнеркәсіптері бойынша 994,0 млрд теңге және электр жабдықтау, газ, бу беру, ауаны баптау бойынша 910 млрд теңге. Осы ретте өңдеу өнеркәсібіндегі инвестициялық ағындар ұлттық экономиканы әртараптандыру процесін жеделдетуге мүмкіндік береді. Аталған салалардың ЖІӨ-ді қалыптастыруға қосқан үлесі 2019 жылы 18%-ды құрады [12].

1-кесте – Салалық бөлімдер бойынша негізгі капиталға инвестициялар (млрд теңге)

№	Аталуы	2018 жыл		2019 жыл		Өсім, %
		Барлығы:				
		11130,2	100	12546,0	100	12,7
1	Тау кен өндіру саласы бойынша	4499,6	40,4	5600,4	44,6	24,5
2	Жылжымайтын мүлікпен операциялар	1424,2	12,8	1637,9	13,0	15,0
3	Көлік пен қойма жұмыстары бойынша	1408,9	12,6	1156,1	9,2	-17,9
4	Өңдеу өнеркәсіптері бойынша	1247,2	11,2	994,0	8,0	-20,3
5	Электр жабдықтау, газ, бу беру, ауаны баптау бойынша	523,5	4,7	910,0	7,2	73,8
6	Ауыл, орман, балық шаруашылықтары	395,6	3,5	501,6	4,0	26,8
7	Сумен қамту, канализация, қалдықтарды жинау және таратылуын бағылау жұмысы	292,4	2,6	309,6	2,4	5,9
8	Көтерме және бөлшек сауда бойынша	216,0	2,0	234,2	1,8	8,4
9	Білім беру саласы бойынша	204,9	1,8	212,1	1,6	3,5
10	Өнер, ойын сауық пен демалу қызметтері	105,1	0,9	153,7	1,2	46,2
11	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	122,2	1,1	137,7	1,0	12,7
12	Құрылыс саласы бойынша	116,5	1,0	124,4	0,9	6,7
13	Тамақтандыру қызметтері(қонақ күту)	158,5	1,5	116,7	0,9	-26,4
14	Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету	137,2	1,2	116,6	0,9	-15,0
15	Ақпарат және байланыс саласы бойынша	92,5	0,8	102,7	0,8	11,0
16	Қаржы және сақтандыру қызметтері бойынша	65,0	0,5	89,7	0,7	38,1
17	Кәсіби, ғылыми-техникалық қызмет	43,2	0,4	71,4	0,5	65,1
18	Мемлекеттік басқару және қорғаныс, міндетті әлеуметтік сақтандыру бойынша	54,3	0,4	58,9	0,4	8,6
19	Басқадай қызмет түрлерімен	23,5	0,2	18,4	0,1	-21,6
<i>Ескерту:</i> ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері негізінде [12].						

Алайда, кейбір жағдайларда экономика салаларының басым бөлігі инвестициялық жобаларды қаржыландыруда қаражаттан тапшылық көруде. Қаражаттардың жетіспеуі ұлттық экономиканың даму қарқынын бәсеңдетіп, Қазақстанның әлемдік инвестициялық кеңістіктерге өтуіне кедергі туғызады. Бұл проблемаларды қор нарығы әлеуетін пайдалану есебінен шешуге болады.


Қазақстанда Astana International Exchange (AIX) АХҚО биржасы қызмет етуде, оның жуырдағы перспективадағы әлеуеті ұлттық өндірісті дамыту және жаңғырту проблемаларын шешуде маңызды рөл атқаруы мүмкін. Биржа мүмкіндіктері кәсіпорындарға қосымша капитал, соның ішінде инновацияларды, бизнес шешімдерді және кәсіби кадрларды тартуға жол ашады [9].

Сонымен қатар, кез-келген компанияға инвестициялық қызмет қандай да бір дәрежеде әсер етеді және маңызды аспектілері болып табылады. Компанияда материалдық-техникалық базаны жаңарту, өндіріс көлемінің шығаруын ұлғайту, көрсетілетін қызмет пен өнімнің жаңа түрлерін игеру сияқты жұмыстар инвестициялардың қажеттілігін негіздейтін себептердің маңыздысы болып отыр.

Компанияда инвестиция түрлерінің үлкен таңдауымен үнемі инвестициялық шешімдерді таңдау міндетіне байланысты болады. Осыған байланысты, инвестициялық шешімді қабылдау кезінде мынадай факторларды ескерудің қажеттігі туындайды: инвестиция түрі, инвестициялық жобаның құны, қол жетімді жобалардың көптігі, инвестициялау үшін қол жетімді қаржы ресурстарының шектеулі болуы, белгілі бір шешім қабылдауға байланысты тәуекел және т.б. яғни компанияның инвестициялық стратегиясын әзірлеу керек [10].

Сондай-ақ, компанияның инвестициялық стратегиясын әзірлеу қажеттілігі сыртқы және ішкі орта жағдайларының өзгеруімен анықталады. Инвестицияларды тиімді басқару сыртқы инвестициялық орта факторларының мүмкін болатын өзгерістеріне бейімделген инвестициялық стратегия болған кезде ғана мүмкін болады, әйтпесе компанияның жекелеген бөлімшелерінің инвестициялық шешімдері бір-біріне қайшы келуі мүмкін, бұл инвестициялық қызметтің тиімділігін төмендетеді. Компанияның ішкі орта факторларының өзгеруі оның операциялық қызметінің мақсаттарының түбегейлі өзгеруімен немесе өмірлік цикл кезеңіндегі алдағы өзгерістермен байланысты болуы мүмкін. Ашылған жаңа коммерциялық мүмкіндіктер компанияның операциялық қызметінің мақсаттарын өзгертеді. Бұл жағдайда әзірленген инвестициялық стратегия компанияның инвестициялық белсенділігінің артуының болжамды сипатын және оның инвестициялық қызметін әртараптандыруды қамтамасыз етеді.

Инвестициялық ресурстардың ел ішінде өз деңгейінде болмауы, жалпы алғанда экономиканың жекелеген салаларында шектелуі болуы кезінде инвестициялық жетіспеушіліктерді шетелдік инвестициялар ішінара реттеп, толықтырып отырады. Осы ретте инвестициялық белсенділіктің өсуі ЖІӨ-нің өсуіне әкеледі (сурет). Қазақстанда перспективада негізгі капиталға салыныатын инвестициялар көлемі 2025 жылға қарай ЖІӨ-нің 30% үлесіне жету болжанған.



Жалпы ішкі өнім және негізгі капиталға инвестиция көлемі [12]

2-кесте –Аймақтар бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі, 2020 ж.

Аталуы	Млн тенге	Үлесі, %	2020ж./2019 ж. қаңтар–қыркүйек, %
Қазақстан бойынша	8 291 604	100	95,1
Ақмола	297 614	3,5	123,0
Ақтөбе	410 401	5,0	108,8
Алматы	437 903	5,3	108,8
Атырау	2 445 629	29,5	75,6
Батыс Қазақстан	327 458	3,9	82,6
Жамбыл	230 303	2,7	108,2
Қарағанды	484 236	5,8	88,5
Қостанай	234 086	2,8	114,9
Қызылорда	181 316	2,2	69,5
Маңғыстау	382 305	4,6	102,1
Павлодар	328 254	4,0	109,5
Солтүстік Қазақстан	174 211	2,1	114,5
Түркістан	414 052	5,0	166,7
Шығыс Қазақстан	484 355	5,8	107,3
Нұр-Сұлтан қ.	668 878	8,0	107,4
Алматы қ.	608 173	7,3	112,5
Шымкент қ.	182 430	2,2	136,2

Ескерту: ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері негізінде [12].

2020 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында аймақтар бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің барлығы 8291 604 млн теңгеге жетіп, 2019 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 95,1% (-4,9 % кеміген). Маңызды қала Алматы 608 173 млн тенгені құрап, Қазақстан бойынша аймақтардағы үлесі 7,3 %. Алматы қаласы бойынша қаржыландырудың негізгі көздері инвесторлардың өз қаражаты болып табылатынын атап өтуге болады. Аймақтар бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің ең жоғарғы үлесін Атырау облысындағы компаниялар (өйткені, әлемдегі ең ірі мұнай кен орындарының бірі) 29,5%, 2445 629 млн теңгеге жеткен. Керісінше, ең төмен үлесті қамтитын аймақтар: Солтүстік Қазақстан (2,1%), Қызылорда (2,2%), Жамбыл (2,7%). Бағалау бойынша 2019 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда Солтүстік Қазақстан 14,5 % және Түркістан 66,7%-ға өскен.

Қорытынды. Жалпы бизнесті кеңейтуге және дамытуға мүмкіндік беретін жалғыз тәсіл бұл - негізгі капиталға салынған инвестициялар, Тартылған капитал жабдықтарды жаңғырту, жоғары білікті мамандарды тарту және нарыққа жаңа тауарлар шығару үшін пайдаланылады. Әрине, негізгі капиталға салынған инвестицияларды жаңа серіктестер тартудың және кәсіпорынның кірістілігін арттырудың ауыр және қиын әдісі ретінде анықтауға да болады. Табысты, сәтті нәтиже алу үшін ақша алғаннан кейін инвестицияларды дұрыс бөлу керек, бірақ алдымен мәміленің барлық аспектілерін мұқият талдап, содан кейін теңгерімді шешім қабылдаған жөн деп есептейміз.

Қазақстандық кәсіпорындар болашақта табысын дамыту үшін инвестициялық салымдарды ұтымды пайдалануға, оларды дұрыс үйлестіруге және пайдалануға қатысты шаралар, яғни келесідей инвестициялық саясатты жүзеге асыру керек [11]:

компанияның даму қажеттілігін бағалау (бұл жерде компания дамуының тиімді бағыттарын анықтауды қамтиды);

инвестициялық жобаларды әзірлеу (инвестицияларды белсенді тарту жүреді және негізгі капиталға салымдардың басым салалары айқындалады);

тиімді жобаны таңдау (тиімді даму үшін іс-әрекеттерді түпкілікті бекіту қажет: болашақ инвестициялардың сомасын тағайындау, жобаның тиімділік деңгейін және ықтимал тәуекелдерді есептеу).

Осылайша, Қазақстанда инвестицияны негізгі капиталға салудың басты мақсаты: болашақта пайда табуды арттыру және бизнесті одан әрі жетілдіру. Кәсіпорын өндірісін жүргізу кезінде түрлі ресурстарды жұмсайды, нәтижесінде нарықта жаңа өнім пайда болады. Нарықта тұтынылатын ресурстар атқаратын қызметіне қарай әртүрлі болуы мүмкін (ақша және активтер: материалдық, материалдық емес). Аталған факторлар негізгі капиталмен қамтамасыз етіледі. Сондықтан осы салаға компанияны ұстап тұру үшін және нарықта мықты бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатымен инвестициялар салу қажетті болып табылады.

С. Н. Абиева¹, М. А. Канабекова²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан;

²Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

ИНВЕСТИЦИИ В ОСНОВНОЙ КАПИТАЛ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. В условиях рыночной экономики любые компании и организации должны постоянно обновлять свои основные инструменты, чтобы быть конкурентоспособными. Процесс переработки основных средств требует значительных капитальных вложений, которые могут быть профинансированы за счет средств собственного и заемного капитала компании.

В статье оцениваются объемы, динамика инвестиций в основной капитал в Казахстане, что является одной из актуальных проблем для многих стран, анализируется структура источников инвестиций в производство основных средств и инвестиции в основной капитал по отраслям.

В данной статье определены направления диверсификации инвестиционной деятельности казахстанских компаний. Доля инвестиций в основной капитал в ВВП представлена относительно. При нехватке инвестиционных ресурсов внутри страны на своем уровне, ограниченности в отдельных отраслях экономики инвестиционные дефициты регулируются и восполняются иностранными инвестициями. В связи с этим рост инвестиционной активности приведет к росту ВВП. В статье рассматриваются перечисленные вопросы и динамика роста ВВП в виде рисунка.

Актуальность темы научной статьи в современном мире одним из основных направлений реализации государственного антикризисного плана во многих странах является проблема поиска инновационных источников инвестирования в основной капитал по отраслям и оценка их эффективности.

В связи с этим в статье рассматривается необходимость разработки инвестиционной стратегии компании, а также то, что они определяются изменением условий внешней и внутренней среды.

В статье авторы отмечают основные цели и факторы вложения инвестиций в основной капитал в Казахстане. Ведь для увеличения прибыли в будущем и дальнейшего совершенствования бизнеса необходимо инвестировать с целью повышения его сильной конкурентоспособности на рынке.

Ключевые слова: инвестиции, инвестиционная деятельность, конкуренция, инвестиции в основной капитал, рыночная экономика, ценные бумаги.

S. N. Abieva¹, M. A. Kanabekova²

¹Kazakh national University named after al-Farabi, Almaty, Kazakhstan;

²Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan

INVESTMENTS IN FIXED ASSETS IN KAZAKHSTAN

Abstract. In a market economy, any companies and organizations must constantly update their main tools in order to be competitive, the process of processing fixed assets requires significant capital investments, which can be financed from the company's own and borrowed capital.

The article assesses the volume and dynamics of investment in fixed assets in Kazakhstan, which is one of the urgent problems for many countries, analyzes the structure of sources of investment in the production of fixed assets and investment in fixed assets by industry.

This article defines the directions of diversification of investment activities of Kazakhstani companies. The share of investment in fixed assets in GDP is presented relatively. If there is a lack of investment resources at the domestic level, or if there are limitations in certain sectors of the economy, investment deficits are regulated and filled by foreign investment. In this regard, the growth of investment activity will lead to GDP growth. The article discusses these issues and the dynamics of GDP growth in the form of a figure. By investing in the company's fixed

capital, the investor pre-evaluates the organization's performance. It is the level of success of a company that determines the effectiveness of investments in its fixed assets. Therefore, before investing money, it is advisable to calculate the degree of return on investment.

Investments in fixed assets allow you to expand and develop your business. This is the main, and sometimes the only way to develop your business and expand it to new market territories. The raised capital is used to upgrade equipment, attract highly qualified specialists, and launch new products on the market. You need to invest in fixed assets professionally, consistently and carefully. Therefore, investment in fixed assets is the most important factor in the implementation of economic activities for enterprises and organizations. Currently, the final results of financial and economic activities of companies directly depend on the volume of investment in fixed assets. In this regard, one of the urgent tasks is to conduct a detailed and comprehensive economic analysis of the level, structure, and directions of investment, as well as to improve the efficiency of production of fixed assets.

Relevance of the topic of the scientific article in the modern world one of the main directions of implementation of the state anti crisis plan in many countries is the problem of finding innovative sources of investment in fixed assets by industry and evaluating their effectiveness.

In this regard, the article discusses the need to develop an investment strategy of the company, as well as the fact that they are determined by changes in the external and internal environment.

In the article, the authors note the main goals and factors of investment in fixed assets in Kazakhstan. After all, in order to increase profits in the future and further improve the business, it is necessary to invest in order to increase its strong competitiveness in the market.

Keywords: investment, investment activity, competition, investment in fixed assets, market economy, securities

Information about authors:

Abieva Sabira Nurgalievna, candidate of economic sciences, Kazakh national University named after al-Farabi, Almaty, Kazakhstan; abievas@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-9160-8622>

Kanabekova Meruert, candidate of economic sciences, Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan; kma.2372@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2392-0136>

REFERENCES

- [1] Sharinova G.A. Sources of financing of investment projects // *Economy. Business. Environment*. 2016. No. 2. P. 14-17.
- [2] Kutova A.S. Review of approaches to defining the concept of "sustainable development of an enterprise" [Internet]. P. 39-43. Available from <https://cyberleninka.ru/article/n/analiz-podhodov-k-opredeleniyu-ponyatiya-ustoychivoe-razvitiyepredpriyatiya>
- [3] Valezhnikova M.V. (2018) Methods for assessing investment attractiveness // *Young scientist*. 39, [Internet]. P. 63-67. Available from <https://moluch.ru/archive/225/52859>
- [4] Shevchuk N.V., Terentieva O.V., Klymenko S.M., Hmyria V.P. (2019) Management aspects of capitalization in modern conditions of enterprise activities // *Bulletin of National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan*. Vol. 4, No. 380. P. 132-141. ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print). <https://doi.org/10.32014/2019.2518-1467.101>
- [5] Panzabekova A. Formation and development of information society in the context of its impact on quality of population life // *Reports of The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*. ISSN 2224-5227. 2018. Vol. 5, No. 321. P. 94-99. <https://doi.org/10.32014/2018.2518-1483.14>
- [6] Hrynberh R.S. (2016). State support for small business in Central and Eastern Europe. Institute of Economics, Russian Academy of Sciences. Science. 258 p. (in Russ.).
- [7] Helmut Gründl, Ming (Ivy) Dong, Jens Gal. (2016) The evolution of insurer portfolio investment strategies for longterm investing // *OECD Journal: Financial Market Trends*. <http://dx.doi.org/10.1787/fmt-2016-5jln3rh7qf46>
- [8] Innovation development management system in the Republic of Kazakhstan // *News of the National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of social and humanitarian Sciences*. ISSN 2224-5294. 2019. Vol. 5, No. 327. P. 263-268. <https://doi.org/10.32014/2019.2224-5294.198>
- [9] Omarkhanova Zh., Tleuzhanova D., Berstembayeva R., Mukhambetova Z., Matayeva B., Alina G. Features and Problems of Attracting Investments into Agriculture of Kazakhstan // *Journal of Advanced Research in Law and Economics*, ISSN: 2068-696X. Summer 2017. Vol. VIII, Issue 4(26). P. 886-889. <https://doi.org/10.14505/jarle>
- [10] Kosherbayeva N.A., Abdreimova K., Kosherba G., Anuarbek A. Synthesis of achievements of world mankind in humanity pedagogy. *Procedia-Social and Behavioral Sciences* 89, 2013. P. 886-889. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2013.08.950>
- [11] Sanalieva L.K., Kengzhegalieva G.B., Idelbayeva A.S., Niyazbekova Sh.U. Investigation of modern economic mechanisms for construction of the intellectual potential of the country as a moving factor of innovative economic development // *Bulletin of National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan*. ISSN 1991-3494. 2018. Vol. 5, No. 375. P. 144-148. <https://doi.org/10.32014/2018.2518-1467.19>
- [12] Based on data from the statistics Committee of the Ministry of national ECONOMY of the Republic of Kazakhstan.